

Әдебиеттер

Хасанұлы Б. Үштілділік-бірарапты тілдік үдеріс. – Алматы, 2013.

Рсалиева Н. Қазақ үштұғырлы тіл идеологиясының позитивті және негативті тұстары // Жұлдыз журналы. – 2014. –№ 8. – Б. 191-203.

АЛЫС ЖӘНЕ ЖАҚЫН ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ КӨПТІЛДІЛІК

Жалелова Гаухар Ибатовна

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің,
“Әлем тілдері” кафедрасының аға оқытушысы,

Ақтөбе, Қазақстан

Төреғалиева Ғазиза

Мизамқызы Гүлхан

Тобы:Биология 01,202

Оқу орны: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

*Әрине, ең бір қиын кезеңдерде ұлтты қонжыратпаудың қуатты қаруы болған
қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тетігі болуға
тиіс.*

Н.Назарбаев

Тіл – белгілі бір кезеңде туып, заңды түрде дамыған семантикалық жүйе.
Мемлекеттік тіл - сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын,
елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден- бір құрал. Бір тілде

сөйлемеген халық біріге де алмайды, өздерін бір шаңырақтың мүшесімін деп те сезіне алмайды Тарихтан да белгілі, қандай ел болмасын бостандық алғаннан соң ең бірінші мемлекеттік тілінің мәселесін шешеді. Қазіргі әлемдік бәсеке жағдайында күшті ұлттар ғана өз мүддесі үшін күресе алады. Күшті ұлт болу үшін күшті мәдениет жасау керек, Сонда ғана әлемдік өркениет кеңістігінен өзіне тиесілі орынды ала алады.

Тіл – тұлғалардың бір-бірімен пікірлесуін, сөйлесуін қамтамасыз ете отырып, тілдік қарым-қатынасты іс жүзінде жүзеге асырады. Тіл адамдар арасындағы пікір алысу, өзара түсінісу құралы. Кез келген тіл адамдар үшін, өзінің ортасы үшін, яғни қоғам үшін қызмет жасауы керек. Ешбір қоғам тілсіз болмайды, тілсіз де қоғамның болуы мүмкін емес.

Қоғамдағы тілдік жағдайды қалыптастыратын және өзгертетін тіл қызметінің негізгі әдіс-тәсілдерінің ішінде тілдік саясат тіл қызметінің кеңеюіне, қолдану аяларына, әлеуметтік коммуникативтік рөлдің жоғарлауына, әдеби тілдерді жасау мен дамытуға бағытталған.

Әр елде, кейде әр аймақта тілдік жағдайдың қалыптасуының немесе пайда болуының өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін. Мысалы, Қазақстан халқы үшін өмірдің экономикалық, мәдени т.б. салаларында қатынас құралы ретінде орыс тілі басым болған. Бір жағынан Кеңес Одағының ыдырауынан кейін, орыстардың көп бөлігінің Қазақстаннан кетуі және керісінше, шет елдерден туған жерлеріне оралмандардың қайта келуі елдегі тілдік жағдаятты күрт өзгертті. Оның бәрі титулды тілдердің қайта өркендеуі және таралуымен тығыз байланысты.

Қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдай көптілді және экзоглосты деп қарастырылады. Байқағанымыздай, Қазақстанның өзінің бір ерекше тілдік жағдайы бар, себебі, елде сан алуан тілдің түрлері бар және осы тілдердің басым бөлігін екі коммуникативті қуатты тілдер таразылайды – қазақ және орыс тілдері. Көптілділік бұл республикадағы ең маңызды тілдік көрсеткіш болып табылады. Сондықтан қостілділік феномені мәселесін елімізде лингвистер, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, журналистер жіті бақылауына алып

отыр. Отандық тіл білімінде қостілділік мәселелері Э.Д. Сүлейменова, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, С.Е. Байболсынова, М.К. Исаев, Б.Хасанұлы, Г.А. Ғабдуллина еңбектерінде қарастырылған. Ж.Қ. Ибраева психо-лингвистика аспектісінде талқылаған. Билингвизм терминіне қатысты ғалымдардың бірнеше тұрақты тұжырымдары бар (Л.В.Щерба, У.Вайнрайх, А.Розенцвейг). Тілдер қатынасы теориясының негізін салушы У.Вайнрайхтың пікірі бойынша екі тілді алма-кезек қолдану тәжірибесі – қостілділік . Тілдерді меңгеру деңгейін әр зерттеуші әртүрлі анықтайды. Кей ғалымдар қостілділікті – екі немесе бірнеше тілдерді әртүрлі деңгейде білу (Б.Хасанұлы, М.К. Исаев) деп қарастырса, ғалымдардың бір тобы – екі немесе бірнеше тілді ана тілін білу деңгейінде меңгеруі деп қарастырып жүр.

Біздің қоғамдық өмірде жан-жақты әрі сапалы білім түрлі факторлардың мәнін күшейтеді. Бұл қоғамтанушылардан толығымен өз білімдерінің мобилизациясын (жинақталғанын) және табанды шығармашылықтарын талап етеді.

Адам – қоғамның әлеуметтік бірлігі. «Адам» дегенде екі түрлі ұғымды айтуға болады. Ол – индивид немесе жеке тұлға. Біріншісінде тек адамды ғана айтса, екіншісі оның әлеуметтік функциядағы көрінісі, яғни әлеуметтенген индивид. Жеке тұлға табиғаты қоршаған ортамен, қоғаммен белгілі бір байланыста болады.

Көптілділік адамның рухани үдерісіне әсер етеді. Жеке тұлға үшін қостілділік – көп тілді қоғамда қатынас құралы болумен қатар ойлау жүйесінің сөйлеудегі нәтижесі. Қостілділік біріншіден ұлттық мінез-құлық компоненттері болып табылса, екіншіден басқа ұлттардың құндылықтарын тану болып табылады.

Көптілділік деп біз жеке бір индивидтің немесе қоғамның қарым-қатынас жасау мақсатында екі тілді қатар қолдануын айтамыз. Осы арқылы біз У.Вайнрайхтың «Коммуникация – адамдардың пікір-ой алмастыруындағы қоғамдық үдеріс» деген анықтамасын толықтырамыз және қостілділік түсінігін қоғамдық

психолінгвистика шеңберімен шектейміз. Жеке индивидтің немесе индивидтер тобының қарым-қатынас жасау барысында бір тілді қолдануын біртілділік немесе монолінгвизм деп атаймыз. Ал үш кейде одан да көп тілдерді қолдануды көптілділік (мультилінгвизм) дейді. Осы тұрғыда қостілділікті кең тараған үдеріс деп қарастыруға болады.

Қатынасқа түсуші тілдердің қоғамдық дәрежесіне байланысты қостілділік пен диглоссияны ажырата білу керек. Көптілділік бір-бірімен мінез-құлқы, мәдениеті жағынан ерекшеленетін әртүрлі тілдердің қатынасы, ал диглоссия бір тілдегі жергілікті сөйленістердің қатынасы. Қостілділік түсінігіне байланысты ғалымдар пікірі әрқилы. Белгілі ғалым Б.Х.Хасанұлы «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумның) әртүрлі жағдайда екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» деген анықтама бере отырып, «Егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлессе (жазса, оқыса) ғана қостілді (билингв) болып саналады» деген қорытындыға келеді. Ал, Б.Гавранек билингвизмді «тілдік қатынастың ерекше жағдайы ретінде анықтай отырып және осы терминді қолдану тек ұжымдық екітілділікке қатысты екенін нақтылап, кең көлемде түсінік береді. В.А.Аврорин билингвизмге төмендегідей анықтама береді: «Шамамен екі тілді және одан да көп тілдерді бірдей еркін меңгеру. Нағыз қостілділік екінші тілді меңгеру деңгейі бірінші тілді меңгеру деңгейіне жеткенде ғана басталады». Билингвизм түсінігі және екі тілді меңгеру деңгейі туралы анықтаманы Е.Ю.Протасова былай деп тұжырымдайды: «Қостілділік жеке жағдайда, ал көптілділік жай мағынада – екі тілде қатар сөйлеу мүмкіндігі, яғни, екі тілді меңгеру деңгейінің ана тілін меңгеру деңгейіне сәл де болса жақын болуы мүмкін. Тұрақты тілдік жағдайда, қоғамда мәртебесі жоғары беделді тіл және тіл мәртебесі төмен беделсіз тіл өмір сүреді. Оның біріншісі грамматикасының күрделі болуымен ерекшеленіп, көбінесе ресми жағдайларда

және жазбаша жазуларда қолданылады. Ал екіншісі – күнделікті өмірде, көбінесе ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады» .

Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде Э.Д.Сүлейменова және Н.Ж. Шәймерденова жоғарыда көрсетілгеннен басқаша қостілділіктің түрлерін бере отырып, толық сипаттама береді. Аймақтық қостілділік – елдің, белгілі бір аудан тұрғындарының екі тілді меңгеруі және пайдалануы, ұлттық қостілділік – елдің немесе этностардың екі тілді меңгеруі және пайдалануы. Республика тұрғындарының арасында орыс тілін меңгеру кеңінен тарағандықтан қазақ-орыс билингвизмі ретінде сипатталады. Ғалымдар сондай-ақ, қосымша қостілділік деп – адам екінші тілді бірінші ана тілінің күзіретін жоймай пайдалануын атайды, ал егер адам екінші тілді меңгеру жағдайында бірінші тілдің күзіретін жоғалтатын болса, ол – орын басатын қостілділік деп аталады. Екі тілді жетік меңгеру – амбилингвизм деп аталады. Семилингвизм дегеніміз индивидтің ана тілін де, екінші тілді де толық меңгермей, екі тілдегі күрделі конструкциялардың мағынасын беруде қиындықтарға тап болуы . Сонымен қатар, табиғи қостілділік – осы тілді қолданушылардың тікелей өзара іс-әрекетінен пайда болған және жасанды – екінші тілді үйретуге арнайы жағдай туғызу нәтижесінде пайда болған қостілділік болып табылады.

Жалпы алғанда, қостілділік түрлері әр салада жан-жақты зерттеліп, әртүрлі классификациялар ұсынылған. Мысалы: Б.Хасанұлы әлеуметтік лингвистика негізінде жасалған классификацияны ұсынады:

- а) қостілділіктің түрлерін оның белгілі бір қауыммен сәйкестенуінің бағытына қарай жеке, топтық, бұқаралық қостілділік деп жіктеуге болады;
- ә) тілдерді игеру тәсіліне қарай табиғи және жасанды түрлерге бөлуге болады;
- б) тілдерді меңгеру деңгейіне қарай координативтік (таза) және субординативтік қостілділік түрлерін сипаттауға болады.

Қазіргі кезеңде халықаралық байланысы күшті барлық елдерде тілдік қатынас мәселесіне ерекше мән беріліп отыр. Тілдік қатынастың бүкіләлемдік маңызы ел мен елдің, ұлт пен ұлттың саяси байланысына жан-жақты жол ашудан көрінеді.

Сондықтан тілдік қатынас бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі ретінде әлеуметтік лингвистикада жаңа ғылыми еңбектердің шығуына әсер етті.

Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу т.б. әрекеттеріне тікелей қатысты құбылыс. Сондықтан тілдік қатынасқа байланысты құбылыстардың теориялық негіздерін анықтау; айтылған, берілген, жазылған хабарды қабылдаудың әдіс-тәсілдерін айқындау; сол сияқты қарым-қатынас құралдары мен тұлғаларын, олардың қолданылу жолдарын белгілеу қазіргі өзекті мәселелер қатарына жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2006. – 86 б.
- 2.К проблематике смешение языков // Новое в лингвистике. – Вып. 6. – М., прогресс, 1972. – с. 64-111.
3. Проблемы изучения функциональной стороны языка. – Л., Наука, 1975. – 140 с.
- 4.Становление и функционирование двуязычия // Материалы по исследованию билингвизма. – М., Изд. МГУ, 1999. – с. 3-15.
5. Словарь социолингвистических терминов, –А., «Қазақ университеті», 2001. – 36 б.
- 6.Казахско-русское двуязычие: Социально-лингвистический аспект. А., «Наука», 1987. – 27 б.
- 7.Ахмедина Б. Қазақ-француз қостілділігі. А., 2007.
- 8.Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Алматы, 2005. – 272 б.
- 9.Мәмбетова М. Тілдік қатынас: оқу-әдістемелік құрал.- Алматы, Қазақ университеті, 2011. – 70 б.